

Трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 60 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 21 ақпанда № 34019 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Укіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-10) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Медициналық-психологиялық қызмет басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министри*

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сактау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

2024 жылғы 20 ақпандағы

№ 60 бұйрығымен

бекітілген

**Трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру
жөніндегі орындарды айқындау әдістемесі**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-10) тармақшасына сәйкес және трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру бойынша орындарды айқындау мақсатында қолданылады.

2. Бұл Әдістемеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) жол-көлік оқиғасы – (ЖКО) - жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолда жүру процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыштардың, жүктөрдің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан уақыға;

2) жол бойындағы сервис объектілері – жол бойындағы белдеуде орналасқан және жол жүрісіне қатысушыларға жүру жолында қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен құрылыштар (мотельдер, қонақ үйлер, кемпингтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, автожанаармай құю станциялары, тамақтану, сауда, байланыс, медициналық көмек пункттері, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері және өзге де қызмет көрсету объектілері);

3) трассалық медициналық-құтқару пункті (бұдан әрі – ТМҚП) – тәулік бойы шұғыл медициналық, оның ішінде ТМҚП шұғыл ден қою бригадаларының ЖКО және ТЖ

орнына шығуы, сондай-ақ зардал шеккендерді эвакуациялауы арқылы көмек көрсетуге арналған (стационарлық немесе мобиЛЬДІ) үлгі кешендік құрылыш;

- 4) авариялық-қауіпті участке - ЖКО саны жоғары автомобиль жолының бөлігі;
- 5) ТМҚП жауапты аймағы - ТМҚП орналасқан орнынан трассаның радиусы 50 шақырым участкесі;

6) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметі - төтенше жағдай аймағындағы халыққа медициналық және психологиялық көмек көрсету, төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтау, қалпына келтіру және оналту жөніндегі шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған кәсіби медициналық авариялық-күткару қызметі.

2-тарау. ТМҚП орналастыру орындарын анықтау әдістемесі

3. ТМҚП орналастыру үшін аумақ республикалық және халықаралық маңызы бар жолдардың бойында көзделеді. Жол бойындағы сервис объектілерінің участкелерінде ТМҚП орналастыруға жол беріледі.

4. Республикалық және халықаралық маңызы бар жолдардың авариялық-қауіпті участкелері туралы мәліметтер ретроспективті статистикалық мәліметтерді (кем дегенде үш жыл ішіндегі) қоса бере отырып, ұзындығы 100 километр (ТМҚП қызмет көрсету аймағын негізге ала отырып) трассалардың бөлігін көрсетуді қамтиды:

- 1) ЖКО саны;
- 2) зардал шеккендердің саны;
- 3) қаза тапқандар саны;
- 4) қозғалыс қарқындылығы.

5. ТМҚП орналастыру үшін участкені тандау кезінде:

1) авариялық-қауіпті участкеде жедел медициналық көмек қызметінің болмауы (ТМҚП жұмысының қайталануын болдырмау мақсатында);

2) медициналық үйымның авариялық-қауіпті участке шекарасынан 50 километрден аспайтын қашықтықта орналасуы (зардал шеккендерді емдеуге жатқызу мақсатында);

3) автожанармай құю станциясының авариялық-қауіпті участке шекарасынан 50 километрден аспайтын қашықтықта болуы;

4) коммуналдық-пайдалану қызметтерін (кірме жолдарды тазалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару) қамтамасыз ету үшін елді мекеннің ТМҚП (участкесі) жауапкершілік аймағында болуы;

- 5) осы авариялық-қауіпті участкеде электр беру желісінің болуы;
- 6) радиобайланыстың тұрақты жұмысы үшін жарамды жер бедері;

7) атмосфералық жауын-шашын мен құм жиналмайтын жер бедері, батпақты жерлер мен су басатын аймақтардың болмауы;

- 8) өнеркәсіптік аймақтардың жанында болмауы;
- 9) участкені ұялы байланыспен қамтудың болуы;

10) 3 жыл ішінде ЖКО талдау негізінде ТМҚП орналастыру үшін авариялық-қауіпті участеклердің өлшемшарттарын сақтау:

1 жыл ішіндегі жолдың нақты участексіндегі ЖКО саны соңғы 2 жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда (кемінде 52);

соңғы 2 жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1 жыл ішінде ЖКО-да зардал шеккен адамдардың саны (кемінде 40);

соңғы 2 жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1 жыл ішінде ЖКО-да қаза тапқан адамдардың саны (кемінде 5).

6. ТМҚП орналастыру үшін ауданы кемінде 0,25 га участке қажет.

7. Уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жол жүрісін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органнан және көлік саласындағы уәкілетті органнан осы Әдістеменің 4-тармағында және 5-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді сұратады.

8. Уәкілетті орган осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес ТМҚП орналастыру қажет халықаралық және республикалық маңызы бар жолдардың авариялық-қауіпті участеклерін айқындайды.

9. Уәкілетті орган жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы, көлік саласындағы, бюджеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарда және жергілікті атқарушы органдарда республикалық және халықаралық маңызы бар жолдардың авариялық-қауіпті участеклерінде ТМҚП орналастыру туралы ұсыныстарды келіседі.

10. Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мұдделі мемлекеттік органдармен келісу рәсімі аяқталғаннан кейін "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысының 4-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына ТМҚП құру жөніндегі іс-шараларды енгізеді.

3-тaraу. ТМҚП орналастыру орындарын қайта орналастыру

11. Уәкілетті органның шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметі жұмыс істеп тұрган ТМҚП қайта орналастыру қажеттілігін айқындау үшін кемінде үш жыл ЖКО шығу санының статистикалық мәліметтерін, сондай-ақ осы Әдістеменің 5-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген көлік саласындағы уәкілетті органның жолдардың авариялық-қауіпті участеклері туралы мәліметтерді ескере отырып жұмыс істеп тұрган ТМҚП жауапкершілігі аймағындағы шұғыл ден қою бригадаларының, қызметіне талдау жүзеге асырады және уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

12. ТМҚП-ны көшіру туралы уәкілетті органның шешімі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, көлік саласындағы, денсаулық сақтау саласындағы,

бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен және жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

13. Қайта орналастырылатын ТМҚС үшін орналастыру участесінің талаптары осы Әдістеменің 4 және 5 - тармақтарының талаптары ескеріле отырып айқындалады

14. Осы Әдістеменің 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдармен келісім бойынша осы Әдістеменің 5-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін авариялық-қауіпті участеклерге ТМҚП орналастыруға (оның ішінде қайта орналастыруға) жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК